

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Ата-аналарға арналған консультация пункті туралы мәлімет

Әрбір бүлдіршін - ең алдымен өз халқының перзентті, өз Отанының азаматы, ұлттың болашағы, егеменді еліміздің ертеңі. Сондықтан «Бала», «Ұрпақ», «Өркен» деген ұғымдарды ұмытпай және негізгі мақсатымыз жанжақты бала тәрбиесі болуы керек. Бүгінгі қоғамда жан-жақты жетілген, бойында ұлттық құндылықтар, сана-сезімі қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру-отбасының, мектептің, барша халықтың міндеті. Осы міндетті іске асыру үшін, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы №27 бұйрығымен бекітілген «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің қызметін ұйымдастырудың ережесіне» сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылған балаларға жанжақты қолдау көрсету мақсатында, «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттер» құру қолға алына бастады. «Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде отбасылық жағдайында тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункті ашылды. Жағдайын анықтаған отбасыларына «Ата-аналарға арналған консультациялық пункт» жөнінде ақпарат, оның мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, кеңестер берілді. Осы атқарылған жұмыстар нәтижесінде бірнеше «Ата-аналарға арналған консультациялық пунктінің» қызметіне өтініш білдірілді. Бала тәрбиесі үшін маңызды «Дені сау ұрпақ-еліміздің болашағы», «Тазалық-денсаулық кепілі», «Баланың рухани әлемі», «Ұялшақтық, ұяндық оны қалай женуге болады?», «Баланың үйіндегі әрекеттен ұйымдастыру», «Баланың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу» т.б тақырыптарда топтық және жеке кеңестер берілді. «Консультативтік пункттер жағдайындағы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған балалар және ата-аналарды» көбіне толғандыратын сұрақтарға «Балалардың қабілеттілігін анықтау жолдары», «Бала ағзасын шынықтыру» және басқа тақырыптарда мамандар тарапынан кеңестер беріледі. Ата-аналармен, баланың мектепке дайындығын анықтау мақсатында сауалнамалар жүргізіліп, балалардың оқу-білім деңгейін анықтап, мамандардың тиісінше кеңес- нұсқаулары беріліп отырды.

Мектеп директоры

К.Алтаева

